



Университет – ортақ мекен, мәңгілік сағыныш

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін осыдан 35 жыл бұрын бітірген түлектер білім ордасына келіп, естелікке толы әсерлі кездесу өткізді.



1990 жылы сол кездегі Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» (қазіргі Политехникалық институт) факультетін бітірген түлектер ертемен білім ордасының ауласына жиналып, бір-бірімен қауышып, университет аумағын ерекше салтанатқа бөледі.

Жоғары оқу орнының үлкен залына жиналған түлектерді құттықтаған университеттің басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов оларға ризашылығын білдірді. – Өмір жолында әр адамның жүріп өткен белестері мен тағылымды тұстары болады. Соның ішінде білім алған ордасының орны ерекше. 35 жылдың ішінде елімізде де, университетімізде де сан түрлі өзгерістер орын алды. Бірақ өзгермейтін бір ақиқат – ол ата-анаға, білім мен тәрбие берген ұстазға, алтын ұя – оқу орнына деген құрмет. Әр адам ең алдымен өзіне өмір сыйлаған ата-анасына қарыздар. Ал өмірлік жолды нұсқап, болашаққа бағыт берген мектеп пен университетке

деген алғыс – әр жүректегі орны бөлек сезім. Бүгін сіздер де осы игі дәстүрден жаңылмай, Жәңгір хан университетіне



келіп, өз ықыластарыңызды білдіріп отырсыздар. Бұл – нағыз адамдықтың, шынайы алғыстың белгісі, – деді Асқар Мырзахметұлы.

Бұдан соң мінберге көтерілген ғалым-ұстаз, Жәңгір хан университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Ермек Айталиев 1990 жылғы түлектерге дәріс бергенін, олардың білімді, белсенді, ұлтжанды болғандарын мақтанышпен айтып өтті. Түлектер атынан сөйлеген Темірғали Ескендіров, Есенгелді Арыстанғалиев сол кездегі «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» факультеті ұстаздары шәкірттерін жан-жақтылыққа, әр салаға бейімділікке үйреткенін жеткізді.

Түлектер өздері оқыған Политехникалық институтта болып, ғимарат ішін аралап шақты. Содан кейін институт ауласына өз қолдарымен отырғызған аққайың ағаштарына су құйып, арнайы тақтайша орнатты.

Салтанатты кездесуден соң қонақтар БҚАТУ-дың «Мәдениет және өнер студиясы» өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалады.

Еске сала кетсек, «Ауыл шаруашылығын механикаландыру

Қайырбек ИХСАНОВ, университет түлегі: – Осыдан 35 жыл бұрын сол кездегі Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының табалдырығын аттап, инженер-механик мамандығын меңгеріп шықтым. Сол күннен бері жоғары білім және ғылым саласында еңбек етіп келемін. Бүгінгі кездесуге еліміздің әр өңірінен түрлі салада табысты еңбек етіп жүрген курстастарымыз жиналды. Арамызда ғылым жолын қуғандар да, әскери салада қызмет етіп жүргендер де, мектеп басшылары мен кәсіпкерлер де бар. Қуанышымызды еселей түскені – Ақтөбе қаласынан ұстазымыз Ахмет Мырзағалиевтің арнайы келуі. Білім ордасына деген алғысымыздың белгісі ретінде университеттің вокалды ансамбліне музыкалық аспаптар тарту еттік. Сонымен қатар өзіміз оқыған қазіргі Политехникалық институттың төрт студентіне бір реттік шәкіртақы тағайындадық. Бұл – біз үшін ғана емес, кейінгі ұрпақ үшін де игілікті шара болсын деген ниет. Бұған дейін 10 жылдықта университет қабырғасында бас қосқан едік. 20 жылдықты Ақтөбеде атап өттік. 30 жылдық кездесуімізді Атырауда өткізуді жоспарлағанбыз, алайда пандемия кедергі болды. Ал бүгінгі кездесуде Жәңгір хан университетінің заманауи келбетін көріп, марқайып отырмыз. Жаңа оқу ғимараттары, заманауи мамандықтар, абаттанған алаң – мұның бәрі университет дамуының нақты айғағы. Студенттік жылдары тұрған №5 жатақханамыздың бүгінде оқу корпусына айналғанын көріп, өткен күндерді еске алдық.

Темірғали ЕСКЕНДІРОВ, университет түлегі, «Ауыл» партиясы облыстық филиалының төрағасы, кәсіпкер: – Біз 1990 жылы «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» факультетін 126 студент бітірдік. 35 жылдық кездесуге облыс аудандарынан бөлек Астана қаласынан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау өңірлерінен 112 курстасымыз арнайы келіп отыр. Олардың барлығы түрлі салада еңбек етіп жүр: бірі – ұстаз, бірі – ауыл шаруашылығы мен мұнай саласында, енді бірі – құқық қорғау органдарында қызмет етуде. Кездесу аясында Политехникалық институт ауласына 20 шақты аққайың отырғыздық. Кездесу барысында студенттік жылдардағы жарқын естеліктерді, бірге өткізген күндерімізді сағынышпен еске алдық. Сол бір жылдардың куәсі болған Ермек Айталиев, Алтынбек Дәулетияров сынды қадірлі ұстаздарымыз әлі де университет қабырғасында еңбек етіп жүр. Оларға алғыс ретінде естелікке құнды кітаптар тарту еттік. Бұл – тек біз үшін ғана емес, кейінгі буын үшін де өнеге болсын деген ниеттен туған іс. Жалпы, курстастармен байланысымыз үзілген емес. Бір-біріміздің қуанышымызға ортақтасып, жақсылықтарымызды бөлісіп отырамыз. Осындай достық пен сыйластық – өмірдің ең үлкен байлығы.



Они сражались за Родину!



В этом году исполнилось 80 лет со дня Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов.

«Не зная прошлого, невозможно понять подлинный смысл настоящего и цели будущего» - говорил Максим Горький. В этой цитате, как в зеркале, отражается главная тема сегодняшнего дня.

Народ помнит и чтит имена своих героев. Никто не забыт, ничто не забыто! Многие пали смертью храбрых на полях боевых сражений. Их имена должны навеки остаться в памяти народной.

Послевоенное поколение нашего народа склоняет свои головы перед воинской доблестью солдат войны, перед трудовым подвигом тыловиков. Задача сегодняшнего поколения – помнить героическое прошлое наших отцов и дедов, отстоявших мир. Они поистине герои и представляют значительную часть истории нашей страны, а историю забывать и терять связь с прошлым просто недопустимо. Прошлое, настоящее и будущее – это неразрывные звенья в любом нормальном человеческом обществе. Если мы забываем свою историю, мы забываем свои корни, а без корней не живет ни одно дерево.

Из уст народа - Незнание истории сравнимо с невежеством.

Забвение прошлого равносильно предательству.

Искажение истории является преступлением.

Я, как сын фронтовика, участника самой страшной войны человечества, решил рассказать о ветеранах, с которыми по жизни мне суждено было встречаться. Мой отец Бакиш Траисов – участник Великой Отечественной войны. На фронт его призвали в 1942 году, боевое крещение он получил в составе 11-го стрелкового полка Калининского фронта. В 1945 году Победу встретил в Чехословакии под городом Чеслава, а демобилизовался только в мае 1947 года. В хлебоприемном пункте, где я начинал трудовую деятельность в 1968 году директором предприятия, был фронтовик, офицер запаса Печкин Александр Афанасиевич, доброй души человек.

Службу в армии мне довелось пройти в Гвардейском, Гнезненском, Ордена Суворова, Краснознаменном мотострелковом полку в Группе Советских Войск Германии. В Гвардейском полку, где я служил, большинство офицеров, начиная с командира полка, командиры рот, были фронтовики, прошедшие войну с фашистской Германией и завершившие разгромом Квантунской группировки в Манчжурии. Это те фронтовики, которые прошли горнило войны, обучали нас в полку боевому искусству, которому сами обучались на полях сражений.

Большой след в моей памяти оставил парад в честь 25-летия Победы над фашистской Германией 9 мая 1970 года, когда я вместе с сослуживцами прошел в парадной коробке в городе Вюнсдорфе (недалеко от Берлина) по знаменем третьей ударной армии второго Белорусского фронта, которая в 1945 году принимала участие в штурме Берлина.

После демобилизации осенью 1971 года поступил слушателем на подготовительное отделение Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института, а в 1972 году зачислен студентом зоотехнического факультета, где работали педагогами фронтовики – участники Великой Отечественной войны, прошедшие горнило самой страшной войны.

Первым ректором нашего Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института Держинский Александр Яковлевич с 1941 по 1946 г. был участником Великой Отечественной войны. Награжден орденами Отечественной войны второй степени, Красной звезды, медалью «За победу над Германией». В 1946 году назначается директором Алма-Атинского зооветеринарного института. Наряду с организацией становления и развития института он занимался научной деятельностью, которая была связана с поиском эффективных методов борьбы с бруцеллезом у сельскохозяйственных животных. С августа 1963 года Александр Яковлевич назначается ректором Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института. В то время практически на всех кафедрах института работали фронтовики. Декан подготовительного отделения фронтовик, офицер запаса Пигарев Алексей Родионович.

«Сов. право» вел кандидат юридических наук, доцент, начальник ОБХСС, фронтовик, полковник Миниус Медеу Джумадиляевич, войну он прошел в 140 –ом стрелковом полку 16 –ой гвардейской стрелковой дивизии.

Фронтовик, гвардии капитан, командир дивизиона катюш, кандидат химических наук, доцент Нурмагамбетов Кенжегали Оралович вел у нас химию, а

кандидат философских наук, фронтовик-артиллерист Антонов Анатолий Александрович вел занятия по атеизму.

Директором учхоза «Фрунзенский» работал участник ВОВ Бизянов Константин Васильевич. Уроженец Жангалинского района, фронтовик-артиллерист, доцент экономического факультета, кандидат экономических наук Бримжаров Азекен Каримович, участвовал в битве на Орлово-Курском направлении – День Победы встретил в Курляндии.

Командир отделения 299 –го гвардейского стрелкового полка 98 –ой гвардейской дивизии Капанов Кисмет Капанович после окончания войны, защитив диссертацию на соискание ученой степени кандидата исторических наук, до ухода на заслуженный отдых работал заведующим кафедрой марксизма-ленинизма и читал курс истории, а практические занятия по истории вел фронтовик Отегенов Акмырза Отегенович.

Начальник военной кафедры нашего института, фронтовик, участник Великой Отечественной войны, полковник Оверченко Иван Алексеевич, участвовал в боях в Германии и застал конец войны на Дальнем Востоке, принимая участие в разгроме Квантунской группировки.

Комарова Антонина Ефимовна работала в нашем институте в административно-хозяйственной части. В годы Великой Отечественной войны Антонина Ефимовна воевала на Донском, 3 –м Украинском, Белорусском фронтах. Родина оценила ее боевые заслуги медалями: «За оборону Сталинграда», «За отвагу», «За боевые заслуги». В 1944 году после контузии демобилизовалась.

Приказом по Министерству сельского хозяйства 9 августа 1963 года участником Великой Отечественной войны, в саперной части зам. командира строительной роты Кульпин Павел Иванович назначается проректором по административно-хозяйственной работе Зап.Каз.СХИ. Боевой путь Павел Иванович прошел через Волхов, Калинин, Песков, Ригу, Калининград и закончился в мае 1945 года в Пруссии. Работая в нашем институте, Павел Иванович защищает по техническим специальностям кандидатскую диссертацию, работает заведующим кафедрой, деканом факультета.

В короткой статье практически невозможно написать о каждом фронтовике, о тружениках тыла, об их ратном подвиге на полях битвы и труде после Победы в мирной жизни.

Каждый из фронтовиков – настолько интересная личность, что можно о каждом из них написать отдельную книгу. И я уверен, что в будущем патриоты земли Приуралья еще много расскажут о де-

лах и подвигах фронтовиков, о духовной силе и нравственной стороне их жизни, тем самым создадут хорошие ориентиры для будущих поколений.

Вспоминая и останавливаясь на отдельных личностях, хочу перечислить всех фронтовиков, кто приближал День Победы, а в мирное время посвятивших себя науке и воспитанию молодого поколения, работая в нашем сельскохозяйственном институте:

А.А.Антонов,	К.В.Бизянов,
А.К.Бримжаров,	И.К.Гердо,
Е.З.Голованова,	А.Я.Держинский,
Ф.М.Зайцев,	К.К.Капанов,
А.Ф.Кирпичев,	Н.М.Карманов,
А.В.Кузнецов,	П.И.Кульпин,
Ф.Б.Казетдинова,	В.Н.Лещенко,
В.П.Мазаев, М.Д.Миниус, И.И.Нефедов,	И.А.Оверченко,
К.О.Нурмагамбетов,	И.Г.Олексенко, М.М.Пенин, А.Р.Пигарев,
И.Г.Олексенко, М.М.Пенин, А.Р.Пигарев,	З.Ф.Раченков, А.С.Руденко, В.М.Седаков,
З.Ф.Раченков, А.С.Руденко, В.М.Седаков,	М.Т.Тажгалиев, А.О.Отегенов,
М.Т.Тажгалиев,	К.Е.Чебаков, Б.Д.Шавин, В.С.Шевчук,
К.Е.Чебаков, Б.Д.Шавин, В.С.Шевчук,	И.Е.Хаустов, М.Н. Ядрихинский.

Для того чтобы подвиги фронтовиков могли служить примером и быть маяком для воинов и людей труда в настоящее время, надо своевременно, правдиво, больше рассказывать о них, и прежде всего в средствах массовой информации, что несомненно послужит хорошим примером, особенно для молодежи.

Сегодня Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, известный далеко за пределами нашей страны растет и развивается благодаря той основе, которую заложили в свое время наши фронтовики. Никогда не надо забывать тех, кто отдал свои жизни при защите Родины и тех, кто вернулся живыми и строили мирную жизнь. Забывать подвиги участников Великой Отечественной Войны общество не имеет права, это бесспорно. Ведь подвиги бессмертны, они всегда служат хорошим примером для будущих поколений. И совершенно правильно в народе говорят: «Героев бывших не бывает».

Время берет свое, уходят из жизни ветераны. Никого из перечисленных выше фронтовиков, участников Великой Отечественной Войны, работавших в нашем Западно-Казахстанском сельскохозяйственном институте, ныне университете (кроме Кирпичева Александра Федосеевича) в настоящее время уже нет в живых, поэтому вечная память и низкий поклон за Победу и строительство новой жизни для будущих поколений!

Балуаш ТРАИСОВ,
доктор сельскохозяйственных наук, профессор,
академик Каз. НАЕН, Каз. АСХН

Учёба в Европе: мой опыт академической мобильности

В 2024 году мне посчастливилось пройти обучение в Европе по академической программе, став обладателем гранта от Министерства высшего образования Республики Казахстан. Я представлял Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир Хана, и эта поездка стала для меня по-настоящему поворотным моментом.



Обучение проходило в Венгрии, в небольшом, но уютном городе Гёдёллё, недалеко от Будапешта, в Венгерском университете сельского хозяйства и наук о жизни. Университет впечатлил меня своим подходом к образованию: открытая атмосфера, интерактивные занятия, доброжелательные преподаватели, которые по-настоящему увлечены своим делом. Я получил не только академические знания, но и огромный личный опыт.

Особенно ценным стало общение с иностранными студентами. Я завёл новых друзей из разных стран, с которыми мы обменивались опытом, рассказывали друг

другу о своих культурах, традициях, участвовали в различных мероприятиях ивентах – от международных вечеров до творческих встреч. Это был настоящий культурный обмен, который навсегда останется в памяти.

Ещё одной огромной радостью стало путешествие. За время моего пребывания в Европе я успел побывать в Париже, Риме, Ватикане и Милане. Конечно, хотелось бы увидеть ещё больше, но даже эти поездки стали настоящим вдохновением. Они подарили мне ощущение масштаба мира и желания развиваться дальше.

Мой родной университет ока-

зал серьёзную поддержку на всех этапах: от оформления до моральной помощи. Благодаря этой поддержке я чувствовал себя уверенно и знал, что за мной стоит команда, готовая помочь. Эта поездка дала мне больше, чем просто обучение за рубежом. Я вернулся с новым взглядом на мир, с мотивацией расти, учиться и двигаться вперёд. Если у вас появится возможность поучаствовать в академической мобильности – обязательно попробуйте. Иногда одна поездка может изменить всё.

Малик ЕРМУХАНОВ
студент Индустриально-технического института

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан



Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ халқының ерлігі, жеңіске қосқан үлесі – Қазақстан тарихындағы жас ұрпақ үшін үлгі-өнегеге толы жарқын беттердің бірі болып табылады. Бұдан 80 жыл бұрын дүние жүзі тарихында ең сұрапыл да қырғынды соғыс аяқталды. 1945 жылы 9 мамырда Герман милитаризмі жеңілгенін ресми жариялады. Фашистік Германияны жеңу үшін қазақстандықтардың қосқан үлесін, олардың орны толмас шығынын естен шығаруға болмайды.

1941-1945 жылдар аралығында республика әскери комиссариаттары арқылы 1 млн 200 мыңға жуық адам майданға жіберілді. 700 мыңнан асатын адам еңбек армиясы қатарына алынды. 1939 жылғы санақ бойынша республика халқы 6,2 миллион адам болды. Әскер қатарына шақырылған қазақстандықтардың барлығы 20-дан астам атқыштар және атты әскер дивизиясы мен бригадасы, бірнеше артиллериялық және авиация полкі, алуан түрлі әскер түрлеріне деп дайындаған ондаған батальон жасақталып майданға аттанды. Олардың арасында 238, 316, 310, 312, 314, 387, 391-атқыштар дивизиясы болды. Оған қоса 74 және 75-теңіздік атқыштар және 39-курсанттық атқыштар бригадалары бар еді. Бұл құрамалар соғыс басталысымен іле-шала жасақталып, жедел түрде әскери дайындықтан өтіп, 1941 жылы майданға жөнелтілген қазақстандық құрамалардың алғашқы тобына жатады.

1942 жылдың бас кезінде Қазақстаннан майданға үш атқыштар және бір атты әскер дивизиясы, бір атқыштар бригадасы аттандырылды. Олар: 8-атқыштар дивизиясы (Семейде құрылған), 29-атқыштар дивизиясы (Ақмолада құрылған), 38-атқыштар дивизиясы (Алматыда құрылған) және 152-атқыштар бригадасы (Оралда жасақталған), 81-атты әскер дивизиясы (Жамбылда құрылған).

Қазақстандық әскери құрамалар жұмысшылардан (40 пайыздай), колхозшылардан (50 пайыздайы) және интеллигенциядан (10 пайыздайы) жасақталды. Дивизиялар құрамына: 3-4 атқыштар, 1-артиллерия полкі және танк жойғыш дивизион, миномет, сапер, байланыс, санитарлық-дәрігерлік батальондар, зениттік-артиллериялық батарея, барлау ротасы, авторота, химиялық қорғаныс ротасы, тағы басқа бөлімдер біріктірілді.

1941 жылы 13 қарашадағы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің алғашқы жоспары бойынша Қазақстан аумағында республика ресурстарынан 5-атты әскер дивизиясы, 4 ұлттық атқыштар дивизиясы және 4 жекелеген ұлттық атқыштар бригадасы құрылу керек еді, бірақ бұл жоспар көптеген себептерге байланысты орындалмады. Тек ұлттық 100, 101-атқыштар бригадалары, 105, 106, 96-атты әскер дивизиялары құрылды. Атқыштар бригадаларындағы адам саны 4356-дан 6000-ға дейін жетті. Онда 3-4 атқыштар батальоны, артиллерия және миномет дивизиондары мен басқа да бөлімдер болды.

Соғыстың алғашқы жылында Қазақстанда барлығы 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада жасақталып, майданға аттандырыл-

ды. Бұдан кейінірек 6 артиллериялық және авиация полкі, 12 құрылыс, 2 автobatальон, 7 автомашиналар батальоны құрылды. Осы кезеңде тылдағы он мыңдаған қазақстандық соғысып жатқан армияға толықтыру ретінде барып қосылды. Қазақстан аумағында жасақталған дивизиялар соғыстың алғашқы кийін кезеңінде ерлікпен шайқасты. Кеңес қарулы күштерінің мақтанышына айналды. Олардың ерлікке толы жауынгерлік жолы Мәскеу, Ленинград, Сталинград, Кавказ, Курск, Украинаны азат етуде халықаралық құрметке ие болды. Қазақстанда құрылған әскери құрамалардың бесеуіне «гвардиялық дивизия» деген құрметті атақ берілді. Бұлар 8-Панфилов атындағы, 72, 73-сталинградтық, 27, 30-гвардиялық дивизиялары еді.

Соғыстың басынан соңына дейін қазақстандық 9 дивизия өзгермей сақталды. Олар – 314, 310, 316, (8-гвардиялық атқыштар), 238 (30-гвардиялық атқыштар), 391, 387, 8, 29 (72-гвардиялық атқыштары), 38 (73-гвардиялық атқыштар) дивизиялары еді. Бұл құрамалар Мәскеуді, Ленинградты, Сталинградты қорғауда, Курск шайқасында, Украинаның оң жағалауын, Қырым мен Карпатты азат ету жолындағы шайқастарда өздерін өшпес даңққа бөледі. Украинаны азат ету жолындағы жауынгерлік тапсырманы үлгілі орындағаны үшін 72-гвардиялық дивизия Қызыл ту орденімен марапатталды, оған «Красноград дивизиясы» деген құрметті атақ берілді. 118-дивизия «Мелитополь дивизиясы», 27-гвардиялық дивизия «Новобург дивизиясы» және Қызыл тулы дивизия болды. 387-атқыштар дивизиясы Қырымды азат ету жолындағындағы шайқастарда «Перекоп дивизиясы» және осы дивизияның 2 полкі – 15-атқыштар және 62-артиллерия полкі «Карпат полкі» болып аталды, ал 229 және 310-атқыштар полкінің бірі – III дәрежелі Суворов, екіншісі II жәрежелі Кутузов орденімен марапатталды. Жоғарғы Бас Қолбасшының бұйрығымен оларға бірнеше рет алғыс жарияланды және олардың қаһарман жауынгерлік ерлігін бернеше рет отшашумен атап өтті.

Соғыс жылдарында республика бойынша орналасқан әскери оқу орындарының қызметі ерекше көңіл бөлуге тұрарлық. Ең бірінші болып 1940 жылдың маусым айында Алматыда атқыштар-пулеметшілер училищесі құрылды. 1941 жылы бұл училище бес рет түлектерін дайындап шығарды. Сол жылы училище әскер қатарын 2429 жас офицермен толықтырды. 1942 жылы училище сегіз рет бітірушілер дайындап, 2869 адамға білім берді. 1943 жылы – 154, 1944 жылы 881 офицер дайындап шығарды. Училище барлығы 6333 офицер аттестатын берді. Сонымен қатар курсанттардан ұйымдасқан соғысқа баратын бригадаларда 7001 қатардағы жауынгер майданға аттанды.

Соғыс кезінде Қазақстанға Ресей және басқа республикалардан көшірілген училищелер көп болды. Соның бірі – Алматының 22-әскери авиация мектебі командир, конструктор ұшқыш, түнде шабуылдайтын ұшқыштар, инженер-техник мамандар даярлады. Бұл училище майданға 662-ші, 991-ші, 992-ші ұшқыш полктерін дайындап жіберді. 1942 жылдың ақпанынан 1943 жылдың көкегіне дейін 14 ай Атырауда жұмыс істеген жаяу әскери училищесі 1942 жылы 6 желтоқсанда алғашқы түлектерін қанаттандырды.

1941 жылдың күзінен Семейде жұмыс істей бастаған Кеңес одағының маршалы В.М.Шапошников атындағы Тамбов Қызыл Тулы жаяу әскер училищесі 1943 жылғы шілдеге дейін алты айлық, сосын бір жылдық оқыту бағдарламасымен 2725

адамды оқытты. 1944 жылдың көкегінде оқу орны Тамбовқа қайта көшті.

1942 жылдың қарашасынан 1945 жылдың ақпанына дейін Талғарда болған Рязань артиллерия училищесі 1943 жылдың наурызында 141 офицерді дайындап шығарды. Бітірушілердің 64-і Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы грамотасымен марапатталды. Қостанайда орналасқан Сталинградтың Қызыл Тулы ұшқыштар және десанттық әскери мамандар дайындайтын әуе училищесі 1941 жылдың 6 қазанынан соғыс біткенге дейін 2444 ұшқыш даярлады. Олардың 26-сы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен марапатталды. 1941 жылы Оңтүстік Қазақстанға (Шымкент, Жамбыл, Сайрам, Арыс, Сас-Төбе, Манкент) орналасқан Чугуев (Харьков облысынан келген әскери әуе училищесі) училищесі 1942 жылдың қаңтарында – 969, 1942 жылы – 847, 1943 жылы – 718, 1944 жылы – 362, 1945 жылы 312 ұшқыш дайындады. Соғыс жылдарында барлығы 3228 ұшқыш-истребительді оқытып шығарды. Серпухов әуе механиктерінің әскери мектебі Қызылордаға 1941 жылдың 21 қазанында көшіп келіп, соғыс жылдарында 4097 әуе маманын даярлады.

1941 жылдың 9-10 тамызында Петропавлсіге Новгород облысынан әуемеханиктер даярлайтын әскери училищенің курсанттары мен командалық-оқытушылар ұжымы келіп орналасты. Ол 1941-1944 жылдары 2400 әуемеханигін, 400 моторшыны дайындады. 1941 жылдың қарашасынан 1946 жылдың шілдесіне дейін Оралда Одессаның әуеатқыштарын даярлайтын училищесі орналасты. Сондай-ақ Оралда Ворошиловградтың әуеатқыштарын даярлайтын 22-әскери әуе училищесі мекендеді. Ол соғыс жылдарында 1842 атқыш-радиост пен 298 әуе атқышын, 350 радиотелеграфист дайындады.

Алматыға орналасқан Мәскеудің жоғарғы шекара мектебі мен Харьков шекара кавалериялық атты-әскер училищесі қазір көп салада әскери мамандар дайындайтын тәуелсіз Қазақстанның әскери институты болды. Бұлардан басқа Баку жаяу әскер училищесі (Жамбыл), Моздактан келген ұшқыштар және теңізшілер дайындайтын мектеп (Ақтөбе), Одессаның барлаушы-ұшқыштар мектебі (Құлан, Луговое ст. Жамбыл облысы), 6-Воронеж және 16-Харьков арнаулы әуе мектебі, НКВД әскерінің Ленин орденді жоғарғы мектебі (Алматы), НКВД әскерлерінің Ленинград әскери училищесі, Камышенскілік танкілі, 2-Бердичевск жаяу әскер училищесі, Ленинградтың байланыс әскери училищесі (Орал), 14-Харьков артиллерия арнаулы мектебі, тағы басқа оқу орындары болды.

Деректер бойынша республикамызда 1941-1945 жылдары барлығы 27 әскери оқу орны болыпты. Соғыс жылдары оларда 16000 офицер, 10,5 мың сержант оқып, 10000-нан аса түрлі маман дайындалып, майданға аттандырылды. Жоғарыда дайындалған әскери мамандарға қоса Қазақ КСР-і майданға 14952 запастағы офицерді жіберді. Бұл соғыстың басталған уақытында есепте тұрғандардан 2 есе көп. Жалпы алғанда республика офицерлерінен (әскери оқу орындарын қоса есептегенде) соғыс жылдары 42439 адам майданға аттанды. Оның 8146-сы қазақ.

1941-1945 жылдары ұрыс даласындағы қаһармандығы, батырлығы үшін марапатталғандардың ішінде қазақстандықтар да бар. 500-дей қазақстандық Кеңес Одағының батыры атағын алған, оның 103-і қазақ. Ә.Қосаев, С.Баймағамбетов, Н.Әбдіров, М.Мәметова, Ә.Молдағұлова, Қ.Сыпатаев, Б.Нысанбаев, Т.Токтаров, Б.Момышұлы сияқты жолбарыс жүректі

хас батырлардың аты аңызға айналды.

Ұрыс даласындағы жеңіс тылдағы қажырлы еңбекпен шындалды. Миллиондаған жұмысшы мен шаруалар фабрикалар мен зауыттарда металды, әскери техниканы еселеп берді, колхоздар мен совхоздарда бітік егін өсіріп, мал санын көбейтті.

Қазақстан – соғыстың аса маңызды арсеналдарының біріне айналды. Қаһарлы кезеңде қазақ даласынан майданға әскер, қару-жарақ, азық-түлік тиеген эшолондар үсті-үстіне жөнелтіліп жатты. Қарағанды көмір комбинаты, Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш мыс қорыту зауыты, Лениногор полиметалл комбинаты, Ембі мұнай кәсіпшіліктері майдан тапсырмаларын мүлтіксіз орындап отырды. Қазақстанда түсті металлургияның сан алуан жаңа салалары пайда болды. Вольфрам және молибден өнімдерін, сурьманы, висмутты, тағы басқа түсті прокатты өндіру ісі басталды. Неміс-фашист басқыншыларымен кескілескен шайқастар кезінде Қазақстан бүкіл елде өндірілген қорғасынның 80 пайызын, молибденнің 50 пайызын берді. Бұған қосымша өндірілген қуруар вольфрам, мырыш пен қалайы қоспалары, мыс, алтын, күміс және басқа түсті металдар өз алдына бір төбе. Гитлершілерге атылған әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанның қорғасыны, жезі мен мысынан жасалғаны мәлім.

Ал Батыс Қазақстаннан соғыс жылдары Кеңес әскері қатарына 76 мыңнан астам адам алынды. Орал қаласында 152 және 101 атқыштар бригадасы жасақталды. Облыста 1300 төсектік 3 госпиталь ұйымдастырылды. Өңір экономикасы соғыс жағдайына лайықталып қайта құрылды. Зауыттар мен фабрикалар әскерге қажетті өнімдерді беруге бейімделді. Орал ет комбинаты ет консервісін өндіруді 4 есеге арттырды. Облысқа Ленинградтан, Мәскеуден, Киевтен, т.б. қалалардан 47032 адам және 14 кәсіпорын көшіріліп әкелінді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қазақстанның аумағында тікелей әскери іс-қимылдар өтпегенімен, Батыс Қазақстан Сталинград майданының (17 шілде 1942 - 2 ақпан 1943 жыл) ең жақын тылына айналды және Жәнібек, Сайқын, Шоңай теміржол стансалары неміс ұшақтарының бомбалауларына ұшырады. 1942 жылы қазанда Орал облысы майдан өңіріне енгізілді.

Майдандағы ерліктері үшін батысқазақстандық 41 жауынгерге Кеңес Одағының Батыры, 6 жауынгерге «Даңқ орденінің толықиергерлері» деген құрметті атақ берілді. Сұрапыл шайқастарда ерлік көрсеткен Кеңес Одағының батырлары Е.Орақбаев, Е.Ниетқалиев, Н.Чуриков, П.Садамсков, А.Тихоненко, А.Чурилин, Т.Масин, М.Абдолов, А.Құсайынов, С.Жақсығұлов т.б. есімдері жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

Өр кезеңде Жәңгір хан университетінде қызмет атқарған соғыс және тыл ардагерлерінің есімдерін мақтанышпен атауға болады. Олар соғыс ардагерлері – Өзекен Кәрімұлы Бірімжаров, Елена Захаровна Голованова, Александр Федосеевич Кирпичев, Кенжеғали Орақұлы Нұрмағамбетов, Иван Иванович Нефедов, Қисмет Қапанұлы Қапанов, тыл ардагерлері – Әмірхан Өтенұлы Қарасаев, Шәңгерей Хамитұлы Даулетяров, Леонтий Михайлович Горбов, Ким Ғұсманұлы Ахметов және т.б..

Бүгінгі таңда еліміз егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты. Тәуелсіздік оңай жолмен келген жоқ, мұнда елін, жерін жаудан қорғай білген, қиын-қыстау заманда тер төгіп еңбек еткен аға ұрпақтың үлкен үлесі барын ұмытпауымыз керек.

ЕСҚАЙРАТ ХАЙДАРОВ,
аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты

Бүгінгі түлек – ертеңгі маман

Жәңгір хан университетін тәмамдап, өмір жолының келесі кезеңіне қадам басатын биылғы түлектер студенттік қызықты шақтарымен қоштасады. Газетіміздің дәстүрлі «Сауалнама» айдары бұл жолы үлкен толқыныс үстінде жүрген университет түлектеріне арналды. Олар университет қабырғасында алған білімдерін, тәлім-тәрбиелерін өмірлік бағыт етіп, өз салаларында бәсекеге қабілетті маман болуға дайын.



Шамшырақ ЕСЕНҒАЛИЕВА,
Индустриалды - технологиялық институтының түлегі:

Менің университетте оқыған мамандығым — жерге орналастыру маманы. Бұл — еліміздің жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен басқарудың негізі. Бұл салада еңбек етіп, өз білімімді ел игілігі үшін жұмсап, төрт жыл оқуымның нәтижесін көрсеткім келеді.

Студенттік жылдар менің өміріме үлкен серпіліс әкелді. Алдымен бұл — менің тұлға ретінде қалыптасқан, көпшілік алдында еркін сөйлеуді үйренген, жауапкершілік пен тәртіпті серік еткен жылдарым. Университет қабырғасында жүріп Президенттік шәкіртақы иегері атанып, үздік студент болуым — мен үшін үлкен жетістік. Сонымен қатар, белсенділер қатарына келуім, ортамның кеңейіп, түрлі ауқымды шараларда үздік жүргізуші ретінде

танылғаным менің шығармашылық қабілетімді ашты.

Ұстаз — жай ғана білім беруші емес, ол — бағыт көрсетуші шамшырақ. Барша ұстаздарыма басымды иіп алғыс айтамын. Сіздердің әрбір сабағыңыз, әрбір кеңесіңіз мен үшін өмірлік азыққа айналды. Әр ұстазым менің жадымда сақтаулы. Үлкен өмірге қадам басқанда, мені оқудың қиындықтарынан сүрінбей алға ұмтылдырған ұстаздарыма рақмет. Алдағы уақытта жеткен жетістігім — сіздердің еткен еңбектеріңіздің жемісі болмақ.

Жәңгір хан университеті — менің екінші үйім. Мұнда тек кәсіби білім алып қана қоймай, өмірлік сабақтар үйрендім. Бұл оқу ордасы — дамуға, ізденіске, биік белестерге бастайтын жолдың бастауы болды. Осы жерде жүргізуші ретінде танылдым, түрлі жерлерге барып өз талантымды аштым. Сонымен қатар сахнаға және өнерге деген көзқарасымды бірден байқап, мені жүргізушіге баулыған жастар бастамасын дамыту орталығындағы ағай- апайларыма шексіз алғысымды білдіремін. Мұндағы жылдар менің жүрегімде мәңгі сақталады.

Ең бастысы — өзіңізге сеніңіз. Университет — тек дәріс тыңдайтын жер емес, бұл — өмірге дайындайтын мектеп. Белсенді болыңыз, мүмкіндіктерді жіберіп алмаңыз. Президенттік шәкіртақы болсын, қоғамдық шаралар болсын — бәріне қатысып көріңіз. Сіз жасаған әр қадам — болашақтың негізі. Ізденуден, үйренуден жалықпаңыз!

Айсулу САРСЕНОВА,
выпускница Политехнического института:

Моя будущая профессия — инженер-электрик, но в дальнейшем я также планирую поступить на факультет спорта, так как спорт занимает важное место в моей жизни. Я хочу развиваться в спортивной сфере.

Студенческая жизнь изменила меня кардинально. Я стала более ответственной, научилась управлять своим временем и самостоятельно принимать решения. Благодаря учебе и спорту я смогла раскрыть свои сильные стороны и обрести уверенность в себе. Это был ценный период развития и самоопределения.

Я искренне благодарна своим преподавателям. Они дали мне не только знания, но и жизненные ценности. Каждый урок, каждый совет стал важной ступенью в моем становлении. Благодаря их поддержке и вере в нас я стремлюсь стать лучшей версией себя и оправдать их надежды.

Университет имени Жангир хана — это место возможностей и развития. Здесь качественное образование, современные подходы к обучению, практическая подготовка и научные исследования. Кроме того, здесь создаются хорошие условия для занятий спортом. Я горжусь тем, что учусь именно здесь.

Я бы посоветовала будущим студентам не ограничивать себя только одной сферой. Пробуйте новое, не бойтесь перемен, активно участвуйте в студенческой жизни. Учитесь, развивайтесь, занимайтесь спортом, берите от студенческих лет всё лучшее. И главное — никогда не отказывайтесь от своей мечты!



- Университетте оқыған мамандығың?
- Студенттік жылдар сенің өміріңе қандай өзгерістер енгізді?
- Ұстаздарыңа ризашылығыңды қалай жеткізер едің?
- Жәңгір хан университеті туралы ойың, көзқарасың қандай?
- Өзіңнен кейінгі студенттерге қандай ақыл-кеңес айтасың?

Кристина ЮРЧЕВА,
выпускница Института ветеринарии и агротехнологии:

Моя будущая профессия — ветеринарный врач. Это не просто работа, это призвание. Быть живым мостиком между человеком и животным миром.

Студенческие годы — это настоящая перезагрузка. Я стала самостоятельной, уверенной, ответственной за свои решения. Появились настоящие друзья, наставники и чувство, что я стою на правильном пути. Это время сделало меня сильнее, мудрее и открыло во мне те стороны, о которых раньше даже не подозревала.

От всего сердца спасибо! За знания, за терпение, за мотивацию не сдаваться. Иногда достаточно было одного взгляда, чтобы понять: преподаватель в тебя верит — и этого хватало, чтобы идти дальше. Я искренне благодарна каждому, кто вложил в нас частичку себя. Без вас мы бы не стали теми, кем становимся сейчас.

Университет Жангир хана дал мне многое — знания, опыт, друзей и множество хороших воспоминаний. Здесь я выросла как человек и как будущий специалист. Я с уважением и благодарностью отношусь к нашему университету — это важная часть моей жизни.

Учитесь с интересом, не бойтесь ошибок — они учат больше, чем успех. Верьте в себя даже тогда, когда трудно. Не проходите мимо возможностей — практика, стажировки, кружки, конференции — всё это строит вашу дорогу. Главное — оставаться людьми с открытым сердцем и добротой.



Бейбарыс ІЗҒАЛИ,
Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының түлегі:

Менің мамандығым — жеңіл атлетикадан жаттықтырушы. Осы спорт түрін ерекше жақсы көремін. Енді өз білімім мен тәжірибемді келешекте жас спортшыларды тәрбиелеуге, оларды үлкен жетістіктерге жетелеуге арнағым келеді.

Студенттік жылдар — мен үшін үлкен өмірлік мектеп болды. Осы кезеңде өзімді түрлі жағынан сынап көрдім, көптеген жарыстарға қатысып, тәжірибе жинадым. Жаңа достар, ұстаздар мен ұмытылмас сәттер өміріме үлкен өзгеріс әкелді.

Ұстаздарыма алғысымды үлкен құрметпен жеткізім келеді. Олар маған тек білім ғана емес, өмірлік азық пен бағыт-бағдар берді. Болашақ жетістіктерім — ұстаздарымның еңбегінің жемісі боларына сенімдімін.

Жәңгір хан университеті — маған сапалы білім мен жарқын болашаққа жол ашқан қасиетті орда. Білім ордасында маған өзімді жан-жақты дамытуға, спортпен кәсіби деңгейде айналысуға барлық мүмкіндік жасалды. Университетіммен әрқашан мақтанамын.

Жастарға айтарым, әр сәтті бағалап, тек алға ұмтылыңдар. Білім алудан, тәжірибе жинаудан қорықпаңдар. Студенттік өмір — өзіңді дамытуға, армандарға жақындауға берілген үлкен мүмкіндік. Сол мүмкіндікті жіберіп алмаңыздар!



Сабина ЖАУБАТЫРОВА, Ветеринария және агротехнология институтының түлегі:

Агрономия мамандығында оқыдым.

Студенттік жылдар мені жауапкершілікке, өз бетімен шешім қабылдауға және жаңа ортаға бейімделуге үйретті. Өзіме деген сенімділігім артып, көптеген жақсы достар таптым.

Ұстаздарыма ризашылығым шексіз. Олардың әрбір дәрісі, айтқан ақылы — мен үшін үлкен өмірлік сабақ болды. Оларға алғысымды сөзбен де, болашақтағы жетістіктеріммен де жеткізім келеді.

Жәңгір хан университеті — сапалы білім мен жан-жақты даму алаңы. Университетімізде студенттер үшін барлық жағдай жасалған, оқытушылар құрамы мықты әрі қолдаушы. Мұнда алған білім мен тәжірибе өмірлік азық болады деп сенемін.

Білім алуға шын ниетпен қараңдар, уақытты бағаландар. Университет қабырғасындағы әр сәт — болашаққа жасалған үлкен қадам. Белсенді болыңдар, тек оқумен шектелмей, түрлі үйірмелер мен жобаларға қатысыңдар.



Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 589
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru